

# Миргұл тағы да үздік шықты

**«Еңбекі жанған арулар»  
республикалық конкурсының облыстық  
кезеңінде Арқалық  
қалалық мәдениет са-  
райының көркемдік  
жетекшісі Миргұл МУ-  
САБЕКОВА «Мәдениет»  
номинациясы бойынша  
жекемен атанды.**

«Еңбекі жанған арулар» республикалық конкурсы «Қазақстан Республикасының іскер айелдері ассоциациясының» 25 жылдық мерекесіне орай үй-ымдастырылған болатын. Конкурс үздіктері 90 қатысушының арасынан: қызмет корсету, слуда, микробизнес; АОК және облыстық кәсіпорындар; мәдениет, білім беру және денсаулық сактау сынды үш бағыт бойынша анықталды. Осы үшінші бағыт бойынша Арқалық қалалық мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Миргұл Бектебергенқызы «Мәдениет» номинациясының үздігі деп танылды. - «Қазақстан Республикасының іскер айелдері ассоциациясының» 25 жылдық мерекесіне орай үй-ымдастырылған «Еңбекі жанған арулар» байқауында:

«Мәдениет» номинациясы бойынша жеңіске жеттім. Еліміздің әр саласында жұмыс істейтін наزік жандылардың мартебесін көтеру, олардың қасіби жетістіктерін насиҳаттау мақсатында еткізілген бұл шара тағы да метің шыгармашылығыма серпіліс бере отырып, әрбір жетістігім келесі жеңісіме бастама болды. Сүйікті Арқалығымның атын шыгарып, қуантып отыру менің бір мақсатым секілді. Маган сенім артқын ата – анама, арнапестеріме, достарым, туган – туысқандарыма ризашынығым шешіз. Жеңісті күндеріміз көп болсын, – дейді Миргұл МУСАБЕКОВА.

Миргұл аз уақыт ішінде осымен екінші жетістігіне жетіп отырганын айта кетейік. Аяқталған жылдың соңында гана ол – Елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын өске асыру мақсатында КР Мәдениет және спорт министрлігі үй-ымдастырылған мәдениет және онер саласы қызметкерлерінің: «Рухани қазына – 2020» байқауына қатысЫп, жалпы 256 ұміткердің арасынан, озі бақ сынғаған номинация бойынша 80 адамның ішінде жеңімпаз болып; «Үздік қалалық мәдениет қызметкері» атанған болатын.